

**Салық есебіне тұрмаған әрекетсіз ұйымдар мен заңды тұлғаларды анықтау үшін бірлесіп іс қимыл жасау туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 ж. 26 мамыр N 563 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1999 ж. 26 мамыр N 38 Бұйрық. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 132, ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 209 Бірлескен бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 18-тармағын басшылыққа ала отырып, БҰЙЫРАМЫЗ:*

*1. "Салық есебіне тұрман әрекетсіз ұйымдар мен заңды тұлғаларды анықтау үшін бірлесіп іс қимыл жасау туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 38 және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 563 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 779 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді.*

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Әділет министрі*

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы            м и н и с т р і*

-----

Заңды тұлғалармен мемлекеттік бюджетке салық, алым және төлемдер міндеттемелері бойынша төлемге бақылау, сонымен бірге заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистрін жүргізуіне бақылауды күшейту мақсатында, б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне заңды тұлғалар мәліметтерінің электронды банкін құру және ақпарат беру жұмысын бірлесіп ұ й ы м д а с т ы р у .

Осы мақсатқа жұмсалатын қаржы шығыны екі жақпен төленеді.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық

комитеттеріне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдары басқармасына салық есебінде тұрған және заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік регистріне енгізілген заңды тұлғаларға 1999 жылдың 14 маусымына дейін салыстыру жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық комитеттеріне :

1) Салық және басқа бюджет төлемдері бойынша қарыздар және қарызы жоқ, әрекетсіз заңды тұлғалар тізімін анықтау;

2) Әрекетсіз заңды тұлғалар тізімі негізінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім) К941000\_ қарастырылмаған ұйымдастыру-құқықтық нысандағы әрекетсіз заңды тұлғалар мен салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдері бойынша қарыздары жоқтарды салық есебінен алып тастау ;

3) Әрекетсіз заңды тұлғалар тізімі негізінде және "Банкроттық туралы" Z970067\_ Қазақстан Республикасының Заңының 94 бабымен белгіленген тәртіп бойынша, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (жалпы бөлім) қарастырылмаған, ұйымдастыру-құқықтық нысандағы әрекетсіз заңды тұлғалар мен салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдері бойынша қарыздары барларға, сот органдарына тарату туралы талап арыздарын беру;

4) Әділет органдарымен тіркелген және салық есебінде тіркелмеген заңды тұлғалар тізімін, тиісті шаралар қолдану үшін, салық полиция органдарына ұсыну .

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінде тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді салыстыру үшін ұсыну.

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот жұмысын ұйымдастыру департаментіне Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдар басқармасына жоғарыда аталған талап арыздарын қарастыру негізіндегі соттармен іс жүргізу мерзімдерін сақтауын бақылауға алу.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің салық комитеттеріне және Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің аумақтық органдар басқармасына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне салыстыра тексеру нәтижелері туралы бірлескен ақпаратты 1999 жылдың 1 шілдесіне ұсыну.

7. Осы келсімнің орындалуына бақылау жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Вице-Министрі У.Байжанов пен Әділет Вице-Министрі М. Уәйісовке жүктелсін .

8. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік кіріс Министрі

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК